

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі төрағасының 2014 жылғы 17 маусымдағы № 66/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 16 шілдеде № 9586 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 мамырдағы № 629 бұйрығымен

Национальное космическое агентство Республики Казахстан

Ғарыш қызметі саласындағы салалық біліктілік шеңберін бекіту туралы

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.05.2015 № 629 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 138-4-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген Ғарыш қызметі саласындағы салалық біліктілік шеңбері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің Ғарыш қызметін дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) мемлекеттік тіркелгеннен кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің интернет-ресурсында орналасуын және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі Төрағасының орынбасары М.М. Молдабековке жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.



Төраға

Т. Мұсабаев

КҮШІ ЖОЙЫЛҒАН

**Қазақстан Республикасының
Ұлттық ғарыш агенттігі Төрағасының
2014 жылғы 17 маусымдағы
№ 66-НҚ бұйрығымен бекітілді**

Ғарыш қызметі саласындағы салалық біліктілік шеңбері

1. Салалық біліктілік шеңберінің төлқұжаты

1. Сала: ғарыш қызметі
2. Кәсіптік қызмет саласының аясы:
 - 1) зымыран-ғарыш техникалары мен жерүсті ғарыш инфрақұрылымының объектілерін пайдалану;
 - 2) ғарыш аппараттарын және ғарыш жүйелерін жобалау;
 - 3) ғарыш аппараттарын жерүсті басқару кешені;
 - 4) Жерге ғарыштан мониторинг жүргізу.

2. Жалпы ережелер

3. Ғарыш қызметі саласындағы салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - СБШ) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 24 қыркүйектегі № 373-ө-м және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 28 қыркүйектегі № 444 бірлескен бұйрығымен бекітілген Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкестендірілген біліктілік деңгейлерді қамтиды (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде № 8022 тіркелген).

4. СБШ кәсіптік стандарттарды (бұдан әрі - КС) әзірлеу үшін біліктілік деңгейдің бірыңғай шкаласын біліктіліктерді салыстыруды қамтамасыз етумен анықтайды және сәйкестікті растау жүйесіне және мамандарға біліктілік беру үшін негіз болып табылады.

5. СБШ түрлі тұтынушылар тобына (жұмыспен қамтушы, білім беру органдары, азаматтар, жұмыскерлер) арналған және мыналарға:

- 1) КС және білім стандарттарын әзірлеу кезде жұмыскерлердің, түлектердің біліктілігіне бірыңғай талап қою ұстанымын сипаттауға;

2) кәсіптік білімді барлық деңгейдегі жұмыскерлер мен түлектердің біліктілігін анықтау рәсімін және бағалау материалдарын әзірлеуге;

3) нақты біліктілік деңгейін алуға және мансап жоғарылатуға алып келетін білімнің түрлі траекторияларын жобалау мүмкіндік береді.

6. СБШ-да қолданылатын негізгі терминдер мен түсініктер:

1) білім – жеке тәжірибе және білім арқылы ақпаратты меңгеру нәтижесі, оқыту және жұмыс саласында теория мен тәжірибеге қатысты фактілер, принциптер жиынтығы, баға беруге тартуға қажетті біліктілік компоненті;

2) біліктілік деңгей (білікті деңгей) – күрделі параметрлер, стандартсыз еңбек іс-қимылдар, жауапкершілік және дербестік бойынша сараланған жұмыскерлердің құзыреттеріне қойылатын талаптар жиынтығы;

3) еңбек заты – болашақ дайын өнімнің материалдық негізін құрайтын белгілі бір құралдары арқылы өнімді жасау мақсатында адам еңбегіне бағытталған өндірістік құралдардың бөлігі, зат;

4) еңбек құралдары – еңбек затының бастапқы қалпынан өнімге айналдыру үшін жұмыскер пайдаланатын құралдар;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функцияларының біртұтас жиынтығымен және оларды орындау үшін қажетті құзыреттілігімен құрылған кәсіптік қызметі саласының бөлігі;

6) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше тапсырмаларын шешуге бағытталған, өзара байланысқан жиынтық;

7) кәсіптік қызмет аясы – саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

8) кәсіптік стандарт (КС) – кәсіптік қызметінің нақты саласындағы біліктілік деңгейіне, құзыреттілігіне, мазмұнына, еңбектің сапасы мен жағдайына қойылатын талаптарды анықтайтын стандарт;

9) құзырет – белгіленген біліктілік деңгейінің кәсіптік қызмет тапсырмасын орындауды қамтамасыз ететін қызмет субъектісінің сапасы;

10) сала – бір үлгідегі өнім құру мақсаты бар кәсіпорын және ұйым кәсіптік қызметі жүйесінің құрылымдық бөлігі;

11) салалық біліктілік шеңбері – саладағы танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымданған сипаттамасы;

12) тапсырма – нақты заттар мен еңбек құралдарын қолдана отырып, еңбек функцияларын іске асыруға байланысты іс-қимылды анықтау;

13) тәжірибе – саналы әрекет, ағымды белгіленген уақыт аралығында білім және ептілік (икем) қабылданып және тиімді қолданылуы;

14) ұлттық біліктілік жүйесі (ҰБЖ) – еңбек нарығы жағынан мамандардың біліктілігіне сұраныстар мен ұсыныстарды құқықтық және институционалды реттеу тетіктерінің жиынтығы;

15) ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ) – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

16) іскерлік – тапсырмаларды орындау және қызметті жүзеге асыру мақсатында құзыреттілік көрсету және білімін қабілеттілігін көрсету (логикалық, интуициялық, шығармашылық және тәжірибелік пікір қабылдау).

7. СБШ - осы СБШ 1-қосымшада сәйкес құрылым бойынша рәсімделген шеңберлік құрылымды құрайды.

СБШ жалпы ерекшеліктердің кәсіптік қызметінің әрбір біліктілік деңгейі үшін сипаттаудан құралған:

1) білім (ғылымды қажет ететін қызмет) – кешенді көрсеткіш, ол білімге талап қоюды белгілейді және кәсіптік қызметтің мынадай ерекшеліктеріне тәуелді: қолданылатын ақпараттың көлемі мен күрделілігіне, инновациялық білімге, олардың абстракт дәрежесіне (теориялық және тәжірибелік білім мен іскерліктің арасалмағы);

2) іскерлік пен дағды – осы көрсеткіш кешенді болып табылады және іскерлікке талап қоюды белгілейді және кәсіптік қызметтің мынадай ерекшеліктеріне тәуелді: кәсіптік міндеттерді көптеген (вариациялық) тәсілдермен шешу, осы тәсілдерді таңдау және әзірлеу қажеттілігі, жұмыс жағдайының анықталмаған деңгейі мен оны дамытудың белгісіздігі. Осы көрсеткіш кешенді болып табылады. Оны көрсету дәрежесі (бір біліктілік деңгейден басқаға ауысу) жасалған көрсеткіштің бірі, сондай - ақ екеуінен (қайсысы болса да) өзгеруге байланысты болуы мүмкін;

3) жеке және кәсіптік құзырет – бұл көрсеткіш үш негізгі дәрежені: тікелей басшылық қызметті, өзіндік атқарушы қызметті, басқалар басқаратын басшылықты танытатын жұмыскер өкілеттіктерінің тереңдігін және жауапкершілігін көрсетеді.

Өкілеттіктердің тереңдігі және жауапкершілігі қызмет масштабына, ұйым үшін жіберілген ықтимал қателіктің кесірінен, оның әлеуметті, экологиялық, экономикалық және сол сияқты зардаптар шегуіне, сондай-ақ басшылықтың кәсіптік қызметінің негізгі функцияларын толық іске асыруына (мақсатты жобалау, ұйымдастыру, бақылау, орындаушыларды (жұмыскерлерді, жұмысшыларды) ынталандыру) байланысты болады.

8. СБШ-да біліктілік деңгейлерді әзірлеудің негізгі принциптері төменнен жоғарыға қарай біліктілік деңгейінің үздіксіздігі және бірізділігі, оларды сипаттаудың айқындығы болып табылады.

9. Біліктілік деңгейі арнайы білім бағдарламаларын және/немесе практикалық тәжірибені меңгерудің нәтижесі болып табылады.

Біліктілікті өсіру немесе әр деңгейде оның профилін өзгерту үшін тиісті лицензиясы бар мекемелерде кадрларды қайта даярлау және қосымша білім бағдарламасымен біліктілік арттыру жүйесі бойынша оқып-үйренуі мүмкін.

Біліктілік деңгейі тәжірибелік еңбек өтілінің, өзіндік оқыту мен оқып-үйренудің болуынан өсуі ықтимал.

Білімнің және оқытудың түрлі нысандарын есепке алу біліктілік жүйесінің сала ішінде жүргізілетін болады.

Жұмыскердің тәжірибелік еңбек өтілі мен білімін, біліктілік арттыру курстарын есепке алу арқылы жеке білім траекториясын құру, ол біліктілік деңгейінің тікелей, сондай-ақ жанама көтерілуіне мүмкіндік береді.

10. Біліктілік деңгейлері мен Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі деңгейлерінің арақатынасы СБШ-ның 2-қосымшасында көрсетілген біліктілікке қол жеткізу көрсеткіші бойынша айқындалады.

11. Пайдаланылған қысқартулар:

ЖББ - Жанармай бейтараптандыру бекеті;

ҒА – ғарыш аппараты;

- ҒК – ғарыш кемесі;
- ҒЗК – ғарыш зымыран кешені;
- ЗОК - зымыран отыны компоненттері;
- ЖҒИ – жерүсті ғарыш инфрақұрылымы;
- ТКЖ – тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар;
- ӨҚО – өндірістік қауіпті объектілер;
- ЗҒТ – зымыран-ғарыш техникасы;
- ҒМЗ – ғарыштық мақсаттағы зымыран;
- ЗТ – зымыран тасығыш;
- СК – старттық кешен;
- ТЖБЖ - технологиялық жабдықтарды басқару жүйесі;
- ҚБ – құрама бөліктер;
- ТК – техникалық кешен;
- ТОЖ - транспорттық-орнату жабдығы;
- СМЖ - сапа менеджменті жүйесі;
- АЖЖ - автоматтандырылған жобалау жүйесі;
- ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмыстары;
- ТТ – техникалық тапсырма;
- БӨА – бақылау-өлшеу аспаптары;
- ҒТ АКТБ – ғарыш техникасының арнайы конструкторлық-технологиялық бюросы;
- ҒЖ - Ғарыш жүйелері;
- ЖҚЗ – жерді қашықтықтан зондтау;
- ПҚ – пайдалану құжаттамасы.

Ғарыш қызметі саласындағы салалық біліктілік шеңберіне 1-қосымша

Ғарыш қызметі саласындағы салалық біліктілік шеңберінің құрылымы

1. Кәсіптік қызмет саласы: зымыран-ғарыш техникалары мен жерүсті ғарыш инфрақұрылымының объектілерін пайдалану				
НРК деңгейі	СБШ деңгейі	Жеке өзінің және кәсіптік құзыреттеріне қойылатын талаптар	Іскерліктері мен дағдыларына қойылатын талаптар	Біліміне қойылатын талаптар
4	4.1	<p>Дербестік: инженердің басшылығымен және бақылауымен ПҚ сәйкес атқарушы қызметті жүзеге асыру. Тәртіптілік. Өзіндік оқу қабілеттілігі.</p> <p>Жауапкершілік: бөлімше деңгейінде қол астындағы персоналдың жұмыс орындау нәтижесіне, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік нормалар және қоршаған орта талаптарын орындау.</p> <p>Күрделілік: жұмыс жағдайының түрлі шарттарында, жалпы қабылданған типтік тәсілдерді шешуді таңдау негізінде типтік технологиялық тапсырмаларды орындау. Штаттан тыс жағдайда, іс-қимылдың тәжірибелік, типтік дағдысы.</p> <p>Зиянды/қауіпті өндірістік факторлардың (жұмыс орнында) ықпал ету жағдайында, кәсіптік міндеттемелерді орындау қажеттілігі.</p>	<p>Орта кәсіптік білім беру мекемелерінің оқыту процесінде алынған тәжірибелік өтілге және функционалдық міндеттемелерді орындауға дайындау процесінде корпоративті оқытуға сүйене отырып, негізгі кәсіптік білімді қолдану. Оқу процесінде және тәжірибелік қызметте меңгерген тәжірибелік кәсіптік іскерлік пен дағды.</p>	<p>Еңбек дағдысының, технологиялық цикл және тиісті атқарушы іс-қимыл кешені шегінде оны трансформациялау процесі туралы базалық білім.</p>
	4.2	<p>Дербестік: инженердің басшылығымен және бақылауымен технологиялық жұмыстарға сәйкес атқарушы кәсіптік қызметті жүзеге асыру. Тұрақты тәжірибелік ұйымдастыру дағдысы және бекітілген жабдықта жұмыстар орындау. Тәртіптілік. Ұжымды басқару дағдысы.</p> <p>Жауапкершілік: бөлімше деңгейінде жеке және қол астындағы персоналдың жұмыс орындау нәтижесі, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік нормалар, технологиялық тәртіптілік және қоршаған орта талаптарын орындау. Кәсіпорынның корпоративтік мәдениетіне бейімділігі.</p> <p>Күрделілік: технологиялық жағдайдың түрлі шарттарында, жалпы қабылданған типтік тәсілдерді шешуді таңдау негізінде, типтік тәжірибелік тапсырмаларды орындау. Штаттан тыс жағдайда, іс-қимылдың тәжірибелік, типтік дағдысы.</p> <p>ҒЗК іргелес жүйелері/жабдықтарымен орындалудағы технологиялық операциялардың өзара байланысуын түсіну.</p>	<p>Орта кәсіптік білім беру мекемелерінің оқыту процесінде алынған тәжірибелік өтілге және функционалдық міндеттемелерді орындаудың дайындық процесінде корпоративті оқытуға сүйене отырып, негізгі кәсіптік білімді қолдану. Оқу мен мамандығы бойынша еңбек өтілі процесінде меңгерген тәжірибелік кәсіптік іскерлік пен дағды.</p> <p>ЗҒТ және ЖҒИ объектілеріне сынау жүргізу дағдысы (сынау қызметі).</p>	<p>Еңбек дағдысының, технологиялық цикл және тиісті атқарушы іс-қимыл кешені шегінде оны трансформациялау процесі туралы базалық білім.</p> <p>Бекітілген объектілерде технологиялық процестердің орындалған физикалық мәнін түсіну.</p>

		Зиянды/қауіпті өндірістік факторлардың (жұмыс орнында) ықпал ету жағдайында, кәсіптік міндеттемелерді орындау қажеттілігі.		
5	5.1	<p>Дербестік: өз жұмысының мақсаты мен кәсіпорын мақсаты арасындағы байланысты түсіну. Функционалдық міндеттемелерді толық игеру үшін өзінің білімін жүйеге келтіру іскерлігі. Командалық жұмысқа бағдарлану. Өзінің кәсіптік қызметін жүзеге асыруда білім мен дағдысын жүйеге келтіру. Өзіндік оқу дағдысы, белгіленген жабдықта жұмыс істеуді зерделеуді қалыптастыру, нормативтік-құқықтық және нормативтік-техникалық құжаттармен жұмыс істеуді жүйеге келтіру. Тәртіптілік. Технологиялық процесс аумағының және бөлімше/кәсіпорын қызметі стратегиясының шегінде басқарушылық қызмет. Тәжірибелік ұйымдастырушылық дағдысы және штаттан тыс жағдайларда, оның ішінде қауіпті өндірістік объектілерде жұмыс істеу кезде іс-қимылды орындау.</p> <p>Жауапкершілік: өзінің оқуына, бөлімше/кәсіпорын деңгейінде жеке және қол астындағы персоналдың жұмыс орындау нәтижесі; қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік нормалар, технологиялық тәртіптілік және қоршаған орта талаптарын орындау. Кәсіпорынның және саланың корпоративтік мәдениетіне бейімділігі.</p> <p>Күрделілік: I немесе II санатты инженердің басшылығымен және бақылауымен зымыранғарыш техникасы және ЖҒИ объектілері бұйымдарын түрлі өміршеңдік кезеңінде типтік операцияларға қатыстыру және орындау; бөлімше/кәсіпорын деңгейінде стандартты тәжірибелік тапсырмаларды орындау.</p> <p>Орындалатын технологиялық процестердің физикалық мәнін түсіну, олардың ҒЗК іргелес жүйесімен/жабдықтарымен өзара байланыстары.</p> <p>Зиянды/қауіпті өндірістік факторлардың ықпал ету жағдайында, кәсіптік міндеттемелерді орындау қажеттілігі.</p>	<p>Жұмыс жағдайда өзіндік талдауды және оған болжамдалған өзгерістерді талап ететін тәжірибелік тапсырмаларды шешуде меңгерген білімді пайдаланудың іскерлігі мен дағдысы.</p> <p>Қызметті жоспарлау, бақылау жүргізу, бағалау іскерлігі.</p> <p>Бекітілген жабдықта, жүйеде өз бетімен жұмыс істеу дағдысы, өзара іс-қимылды ұйымдастыру.</p> <p>Қызметті ұйымдастырушылық дағдысы.</p> <p>Нормативтік техникалық және тұтынымдық құжаттармен жұмыс істеу дағдысы, қызметтік хат алмасу және іс жүргізу негіздері, ҒЗТ және ЖҒИ дайын/сериялы сынау жүргізу.</p> <p>ҒЗТ бұйымдарына техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру іскерлігі, технологиялық тәртіптілікті сақтау және технологиялық жабдықтарды дұрыс пайдалану.</p>	<p>Конструкция, іс-қимыл қағидаттары, ҒЗТ және ЖҒИ объектілерін пайдалану және сынауды ұйымдастыру, технологиялық процестердің физикалық негіздері бойынша ғарыш қызметінің аясындағы кәсіптік білім.</p> <p>Инженерлік қызметтің құқықтық негіздерін білу.</p> <p>ҒЗТ және ЖҒИ техникалық және технологиялық жүйелерін пайдалану мен сынауды ұйымдастыру талаптарын, қалыптастыру тәртібін, құрылғының қағидаттары мен негіздерін білу.</p> <p>ҒЗТ, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, химмотология, стандартизация, метрология және сертификация құрамында қауіпті өндірістік объектілерді қауіпсіз пайдалануды ұйымдастыру негіздерін білу.</p>
	5.2	<p>Дербестік: өзіндік және/немесе бағынушы персонал жұмыстарын жоспарлау дағдысы. Бір-бірімен байланысты бөлімшелердің бағынушы жұмыскерлердің өзара іс-қимылын ұйымдастыру, қамтамасыз ету және бақылау жүргізу. Бағынушы персоналға тәжірибесін беру үшін өзінің тәжірибесі мен білімін жүйеге келтіру мен жинақтау іскерлігі.</p> <p>Жауапкершілік: ҒЗТ және ЖҒИ объектілерін пайдалану бойынша нормативтік және тұты-</p>	<p>Технологиялық циклда, сондай-ақ штаттан тыс іс-қимыл жағдайларында жұмыстарды орындауды (өзінің және бағынушы персоналдың) жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау және басшылық етудің тәжірибелік дағдысы. Жағдайлар мен іс-қимылдарға (өзінің және бағынушы персоналдың) талдау жүргізу, бақылауды жүзеге асыру іскерлігі, командалық жұмыс контексте қызметті түзету бойынша ұсыныстарды тұжырым-</p>	<p>Конструкция, іс-қимыл қағидаттары, ҒЗТ және ЖҒИ объектілерін пайдалану және сынауды ұйымдастыру, технологиялық процестердің физикалық негізде-</p>

		<p>нымдық құжаттардың талаптарын ұйымдастыру және орындау;</p> <p>бекітілген жабдықта өзінің білімі, іскерлігі мен жұмыс дағдысының нәтижесі;</p> <p>қойылған тапсырмаларды шешу, технологиялық операцияларды орындау кезде бағынушы персонал қызметін ұйымдастырудың және жеке қызметінің нәтижелері;</p> <p>бөлімшенің жауапкершілік аймағы шеңберінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік нормалар, технологиялық тәртіптілік және қоршаған орта талаптарын ұйымдастыру және орындау.</p> <p>Күрделілік: технологиялық сипаттамасы бар тапсырмаларды ұйымдастыру және шешу, оларды шешудің негізделген тәсілдерінің көптілігі мен таңдауын болжамдау. Кәсіптік қызмет компоненттерін енгізу, бақылау, бағалау және түзеу. Қызметті жүзеге асырудың жолдарын негіздеу және таңдау. Кәсіптік қызметті жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу. Қызметке ағымдағы және қорытынды бақылау, бағалау және түзету жүргізу. Өзінің және бағынушы персоналдың қызметін жоспарлау.</p> <p>Зиянды/қауіпті өндірістік факторлардың ықпал ету жағдайында, кәсіптік міндеттемелерді орындау қажеттілігі.</p>	<p>дау. Тапсырмаларды шешудің көптеген тәсілдерін болжамдайтын тәжірибелік тапсырмаларды шешу және оларға негізделген таңдау жасау.</p> <p>Қызметтік және техникалық құжаттамаларды өңдеу.</p>	<p>рі бойынша ғарыш қызметінің аясындағы кәсіптік білім.</p> <p>Бөлімшелер/кәсіпорындар масштабында ғарыш қызметін ұйымдастыру бойынша нормативтік құжаттардың негізгі талаптарын білу.</p> <p>Бөлімшелер, кәсіпорындар, технологиялық жұмыстар кешені масштабында бекітілген жабдықтарда әрекеттесудің базалық қағидаттарын білу. ЖҒИ құрамындағы қауіпті өндірістік объектілерді қауіпсіз пайдалануды ұйымдастыру бойынша негізгі нормативтік құжаттарды білу, тәжірибелік еңбек өтілі.</p>
6	6.1	<p>Дербестік: өзіндік және/немесе бағынушы персонал жұмыстарын жоспарлау, бір-бірімен байланысты кәсіпорынның (ұйымның) әрекеттесуін жоспарлау және ұйымдастыру, ұйым масштабында технологиялық операцияларды орындау және бөлімшелер әрекеттесудің бақылауы және жүйеге келтіру. Арнайы білім синтезін (теориялық және тәжірибелік), тәжірибелік еңбек өтілін, технологиялық процестердің дағдысын түсінуді талап ететін қызмет. Өз құзыреті және өкілеттілігі (лауазымды міндеттемелер) және/немесе кәсіпорын (ұйым) басшылығына уақытылы баяндама шегінде басшылық шешімдерді өз бетімен қабылдау. Жұмыстарды орындауды қамтамасыз етуді жоспарлау және ұйымдастыру. Кәсіптік қызметте шығармашылық таныту, басқаруда ынта көрсету, жұмыстарды ұйымдастыруды жетілдіру бойынша ұсыныстарды негіздеу.</p> <p>Бағынышты жұмыскерлерге өз білгенін үйрету.</p>	<p>Технологиялық агрегаттар мен жүйелерді пайдалану және сынау бойынша ҒЗТ және ЖҒИ нақты объектілерінде жұмыс істеудің тәжірибелік дағдысы.</p> <p>Ұйымдастырушылық.</p> <p>Жұмыстың командалық нысаны. Тіл тапқыштық. Бағдарламалық-әдістемелік құжаттарды орындауды келісу және ұйымдастыру.</p> <p>Сынау нәтижелері бойынша сынау нәтижелерін талдау және шешім дайындау.</p> <p>Тұтынымдық, есептік құжаттарды және қызметтік хат алмасуды жүргізу.</p> <p>Заманауи бағдарламалық өнімдерді және техникалық құралдарды пайдалану. Жобаны негіздеуге дағдылану, белгісіздігі тым жоғары кәсіптік жағдайларды шешу.</p> <p>Кәсіптік тапсырмаларды шешу үшін қажетті ақпараттарды өз бетімен іздеу, талдау және баға беру.</p>	<p>Конструкция, ісқимыл қағидаттары, ҒЗТ және ЖҒИ объектілерін пайдалану және сынауды ұйымдастыру, технологиялық процестердің физикалық негіздері бойынша кәсіптік білім.</p> <p>ҒЗК құрамын білу, ҚБ әрекеттестіру. Кәсіпорын (ҒЗК) масштабында жұмысты жүргізу технологияларын білу, бір-бірімен байланысты кәсіпорынның (ұйымның)</p>

	<p>Жауапкершілік: ҒЗТ және ЖҒИ объектілерін пайдалану бойынша нормативтік және тұтынымдық құжаттардың талаптарын ұйымдастыруға және орындауға бақылау жоспарлау;</p> <p>ҒЗК масштабында технологиялық операцияларды орындау кезде, ұйым (кәсіпорын) персоналының әрекеттесуін үйлестіруге және ұйымдастыруға бақылау жүргізу;</p> <p>кәсіпорынның жауапкершілік аймағы шеңберінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік нормалар, технологиялық тәртіптілік және қоршаған орта талаптарын ұйымдастыруға және орындауға бақылау жасау.</p> <p>Тапсырылған қызметтің бағыты бойынша жұмыстарды орындауға жеке жауапкершілікте болу.</p> <p>Күрделілік: жұмыс және оларды шешудің негізделген тәсілінің көп түрлілігі мен таңдауды болжамдайтын, оның өзгерістер болуын білу жағдайларында өз бетімен талдауды талап ететін технологиялық маңызы бар өзара байланысқан тапсырмаларды шешу. Кәсіптік қызметтің сапасы мен тиімділігін арттыру жолдарын таңдауды негіздеу және ұсыну.</p> <p>Зиянды/қауіпті өндірістік факторлардың ықпал ету жағдайында, кәсіптік міндеттемелерді орындау қажеттілігі.</p>		<p>және ұйымдардың әрекеттесуі. Қызметтік (техникалық) хат алмасу мен іс жүргізу әдіснамасын білу.</p> <p>ҒЗТ және ЖҒИ объектілерін /бұйымдарын сынау әдісі мен бағдарламаларын, тұтынымдық және конструкторлық құжаттарды өңдеу әдіснамасын білу.</p> <p>Қызмет профилі бойынша нормативтік-құқықтық, нормативтік техникалық және ұйымдастырушы-жарғылық құжаттарды білу.</p> <p>Ұйымның жауапкершілік аймақ шеңберінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік нормалар, технологиялық тәртіптілік және қоршаған орта талаптарын білу.</p> <p>ҒЗК объектілерін пайдалану және сынау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу әдіснамасын білу.</p>
<p>6.2</p>	<p>Дербестік: өзіндік және бағынушы персонал (бөлімше) жұмыстарын жоспарлау. Бөлімшенің қызмет нәтижелерін ұйымдастыру, қамтамасыз ету және бақылау (түзету). Бір-бірімен байланысты ұйымның өзара әрекеттесуін ұйымдастыру. Бағынушы персоналға тәжірибе беру үшін өзінің тәжірибесі мен білімін жүйелендіру және жинақтау іскерлігі.</p> <p>Басқа жұмыскерлерге өз білімін беруге бастамашылық жасау.</p>	<p>Технологиялық циклда, сондай-ақ штаттан тыс іс-қимыл жағдайларында жұмыстарды орындауды (өзінің және бағынушы бөлімшенің) жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау және басшылық етудің тәжірибелік дағдысы. Жағдайлар мен іс-қимылдарға (өзінің және бағынушы бөлімшенің) талдау жүргізу, бақылауды жүзеге асыру іскерлігі, командалық жұмыс контексте қызметті түзету бойынша ұсыныстар беру. Тапсырма-</p>	<p>Конструкция, іс-қимыл қағидаттары, ҒЗТ және ЖҒИ объектілерін пайдалану және сынауды ұйымдастыру, технологиялық процестердің физикалық негізде-</p>

		<p>Жауапкершілік: ҒЗТ және ЖҒИ объектілерін пайдалану бойынша нормативтік және тұтынымдық құжаттардың талаптарын ұйымдастыру және орындау;</p> <p>бекітілген жабдықта жұмыс істеудің жекеше білімі, іскерлігі және дағдысының нәтижелері;</p> <p>технологиялық операцияларды орындаған кезде, бағынушы персонал қызметін ұйымдастыру және қойылған тапсырманы шешу;</p> <p>бөлімшенің жауапкершілік аймағы шеңберінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік нормалар, технологиялық тәртіптілік және қоршаған орта талаптарын ұйымдастыру және орындау.</p> <p>Күрделілік: жұмыс, және оларды шешуге негізделген тәсілуі көп түрлілігі мен таңдауды болжамдайтын, оның өзгерістер болуын білу жағдайларында өз бетімен талдауды талап ететін технологиялық маңызы бар өзара байланысқан тапсырмаларды ұйымдастыру және шешу. Қызметті жүзеге асыру жолдарын негіздеу және таңдау. Кәсіптік қызметті жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу. Қызметке ағымдағы және қорытынды бақылау, бағалау және түзету жүргізу. Жұмысты оңтайландыру үшін стандартсыз шешімдерді генерациялау. Бөлімшеде командалық жұмысты қалыптастыру. Бөлімше қызметін дербес бағытқа салу.</p> <p>Қойылған кәсіптік тапсырмаларды шешу үшін қажетті ақпаратты дербес іздеу.</p> <p>Зиянды/қауіпті өндірістік факторлардың ықпал ету жағдайында, кәсіптік міндеттемелерді орындау қажеттілігі.</p>	<p>ларды шешудің көптеген тәсілдерін болжамдайтын тәжірибелік тапсырмаларды шешу және оларға негізделген таңдау жасау. Белгісіздігі тым жоғары кәсіптік жағдайларды (кәсіптік және әлеуметтік) шешімді негіздеу дағдысы.</p> <p>Техникалық қызметтік және есептілік құжаттарды өңдеу.</p> <p>Бағдарламалық-әдістемелік және есептілік құжаттарды орындауды келісу және ұйымдастыру.</p> <p>Сынау нәтижелері бойынша сынау нәтижелерін талдау және шешім дайындау.</p> <p>Ғарыш жүйесін және кешенін құру бойынша тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу шеңберінде сынау қызметі дағдысы.</p> <p>Өнеркәсіп кәсіпорнының өкілдерімен тәжірибелік жұмыс жүргізу, олармен өзара әрекеттесуді ұйымдастыру.</p> <p>Кәсіптік тапсырмаларды шешу үшін қажетті ақпараттарды өз бетімен іздеу, талдау және баға беру.</p>	<p>рі бойынша ғарыш қызметінің аясындағы кәсіптік білім.</p> <p>Бөлімшелер/кәсіпорындар масштабында ғарыш қызметін ұйымдастыру бойынша нормативтік құжаттардың негізгі талаптарын білу.</p> <p>Бөлімшелер, кәсіпорындар, ҒЗК технологиялық жұмыстар масштабында бекітілген жабдықтарда әрекеттесудің базалық қағидаттарын білу.</p> <p>ЖҒИ құрамындағы қауіпті өндірістік объектілерді қауіпсіз пайдалануды ұйымдастыру бойынша негізгі нормативтік құжаттарды білу. ҒЗК объектілерін пайдалану және сынау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу әдіснамасын білу.</p>
7	7.1	<p>Дербестік:</p> <p>Бөлімше мақсаты мен кәсіпорын мақсаты арасында байланысты қамтамасыз ету. Бөлімше жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру, бақылау. Бөлімшенің командалық жұмысын қалыптастыру.</p> <p>Тиімді бейімділік. Бөлімше жұмысын басқару дағдысы. Жүйелі ойлау. Ойын тұрақты өрістету қабілеттілігі және дайын болуы, жаңа білімдер мен дағдылар алу.</p> <p>Басқа жұмыскерлерге өзі білімін беру дағдысы мен дайындығы.</p> <p>Жауапкершілік:</p> <p>бөлімшелердің жұмыс істеуін орындаудың, жоспарлаудың және ұйымдастырудың нәтижесіне жауапкершілікте болу, бір-бірімен</p>	<p>Бөлімше және кәсіпорын масштабында ЖҒИ объектілері мен технологиялық және техникалық жүйелерді, ЗҒТ пайдалануды және сынауды ұйымдастыру.</p> <p>Мердігер ұйымы жұмыскерлерімен және СБШ шартымен орындалған жұмыстардың нәтижесі бойынша есепті техникалық материалдарды өңдеу және қарау. Бағдарламалық-әдістемелік құжаттарды орындауды келісу және ұйымдастыру.</p> <p>Пайдалану, сынау және СБШ нәтижелерін талдау, орындалған жұмыстар нәтижесі бойынша шешім жобасын дайындау.</p> <p>Бөлімшенің ғарыш қызметі аясындағы ағымды және ұзақ мерзімді бағдарламаларды әзірлеу және іске асыруға қатысу.</p>	<p>Конструкция, ісқимыл қағидаттары, ҒЗТ және ЖҒИ объектілерін пайдалану және сынауды ұйымдастыру, технологиялық процестердің физикалық негіздері бойынша ғарыш қызметінің аясындағы кәсіптік білім.</p> <p>Бөлімшелер/кәсіпорындар масштабында ҒЗТ</p>

	<p>байланысты ұйымдар мен бөлімшелердің өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету;</p> <p>бөлімшенің (кәсіпорынның, ұйымның) жауапкершілік аймағы шеңберінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік нормалар, технологиялық тәртіптілік және қоршаған орта талаптарын ұйымдастыру және орындау;</p> <p>бөлімше персоналын жоспарлы кәсіптік дайындауды жобалау және ұйымдастыру.</p> <p>Күрделілік:</p> <p>Күрделі технологиялық процестерді шешудің көп түрлі тәсілдері мен таңдауды болжамдайтын, өндірістік тапсырмалар бөлімшесінің ұжымымен шешуге бағытталған дербес кәсіптік қызмет. Технологиялық және басқармалық тапсырмаларды шешудің қажеттілігін үйлестіру. Кәсіптік білім және тәжірибе синтезі. Қойылған кәсіптік тапсырмаларды шешу үшін қажетті кәсіптік ақпаратты дербес іздеу, талдау, негіздеу және бағалау. Ғылыми, өнертапқыштық және рационалды қызмет.</p> <p>Оның функционалдық басшылығындағы жұмыс істейтін маманның ағымдағы және қорытынды жұмысын бақылау, бағалау және түзеу. Зиянды/қауіпті өндірістік факторлардың ықпал ету жағдайында, кәсіптік міндеттемелерді орындау қажеттілігі.</p>	<p>Ғарыш жүйесін және кешенін құру бойынша тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу кезде технологиялық және техникалық операцияларды ұйымдастыру.</p> <p>Бөлімше жұмыстарын сапалы орындауын ұйымдастыру. Ұжымға басшылық жасау. Өнеркәсіп кәсіпорындарымен жұмыс істеуді ұйымдастыру, олардың өзара әрекеттесуін ұйымдастыру. Аналитикалық қабілет.</p> <p>Бөлімшеде корпоративті мәдениетті қалыптастыру.</p> <p>Кәсібилік/шеберлік</p> <p>Тапсырмалар мен проблемаларды қою дағдысы, оларға инновациялық тәсіл қолданумен жүйелі шешу, бөлімшенің стратегиялық қызметін және тұжырымдамасын құру әдістері.</p> <p>Жүйелі талдауға/СБШ жобаларына өңдеу жүргізу, пікірлер, ұсыныстар, есептер, қорытындылар рәсімдеу.</p>	<p>және ЖҒИ объектілерін пайдалану және сынауды ұйымдастыру бойынша нормативтік құжаттардың негізгі талаптарын білу.</p> <p>Бөлімшелер, кәсіпорындар, ҒЗК технологиялық жұмыстар масштабында бекітілген жабдықтарда әрекеттесу жұмысының физикалық қағидаттарын білу.</p> <p>ЖҒИ құрамындағы қауіпті өндірістік объектілерді қауіпсіз пайдалануды ұйымдастыру бойынша негізгі нормативтік құжаттарды білу.</p>
<p>7.2</p>	<p>Дербестік:</p> <p>Стратегиялық ойлау, жоспарлау.</p> <p>Өз жұмысында кәсіпорын миссиясын іске асыруға құштар болу. Бөлімше/кәсіпорын кәсіптік дайындығын басқару.</p> <p>Сабырлық сақтау. Бөлімше және кәсіпорынды толық алғанда, технологиялық процестерді басқару қабілеттілігі.</p> <p>Жүйелі ойлау. Корпоративті көшбасшылық. Кәсіптік білім және тәжірибе синтезі. Үнемі дамудың дайындығы мен қабілеттілігі. Инновациялық технологияларды ендіру үшін жаңа білімдер мен дағдылар алу; басқа жұмыскерлерге білім беруге дайын болу.</p> <p>Жауапкершілік:</p> <p>бөлімшелердің, кәсіпорынның жұмыс істеуін орындаудың, жоспарлаудың және ұйымдастырудың нәтижесіне жауапкершілікте болу, бір-бірімен байланысты ұйымдар мен бөлімшелердің, кооперация кәсіпорындарының өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету;</p> <p>кәсіпорынның/ұйымның жауапкершілік аймағы шеңберінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік нормалар, техноло-</p>	<p>ҒЗТ, ЖҒИ, ҒЗК құрама бөліктерін сынауға және пайдалануға басшылық ету.</p> <p>СБШ шарттары бойынша есепті материалдарды қабылдау, келісу. Бағдарламалық-әдістемелік құжаттарды өңдеуді келісу және ұйымдастыру. Сынау нәтижелерін жалпылау және талдау, сынау нәтижесінде шешім қабылдау. Өндірістік (технологиялық, сынау, пайдалану) процестерін орындауды жүйелендіру және оңтайландыру.</p> <p>ҚР ғарыш қызметінде ағымдағы және ұзақ мерзімді бағдарламаларды дайындауға іске асыруға қатысу. ҒЗК объектілерде, жауапты кәсіпорын масштабында ғарыш жүйесі мен кешенін құру бойынша тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың жауапты кезеңдерінде күрделі/жауапты, пайдалану/ сынау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру, қамтамасыз ету, басшылық ету.</p> <p>Стратегиялық жоспарлаудың дағдысы. Тімді байланыс.</p> <p>Бөлімше/кәсіпорынның корпоративті мәдениетін қалыптастыру.</p>	<p>Бөлімшелер/кәсіпорындар масштабында ҒЗТ және ЖҒИ объектілерін пайдалану және сынауды ұйымдастыру бойынша нормативтік құжаттардың негізгі талаптарын білу.</p> <p>Бөлімшелер масштабында бекітілген жабдықтарда әрекеттесу жұмысының физикалық қағидаттарын білу.</p> <p>ЖҒИ құрамындағы қауіпті өндірістік объектілерді қауіпсіз пайдалануды ұйымдастыру бойынша негізгі нормативтік құжаттарды білу.</p>

	<p>гиялық тәртіптілік және қоршаған орта талаптарын ұйымдастыру және орындау, қамтамасыз ету;</p> <p>бөлімше және кәсіпорын/ұйымдар персоналдарын толық алғанда, жоспарлы кәсіптік дайындауды жобалау және ұйымдастыру.</p> <p>Күрделілік:</p> <p>Күрделі технологиялық жағдайларда көп түрлі тәсілдер мен таңдауды болжамдайтын, өндірістік тапсырмалар бөлімшесінің ұжымымен шешуге бағытталған дербес кәсіптік қызмет. Технологиялық және басқармалық тапсырмаларды шешудің қажеттілігін үйлестіру.</p> <p>Жұмыс шартында түрлі жағдайларды шешу тәсілін таңдау негізінде ірі құрылымдық бөлімшенің/кәсіпорынның инфрақұрылымын қолдау және дамыту бойынша концептуалды, теориялық және тәжірибелік тапсырмалар шешуді пайымдайтын қызмет. Оның функционалдық басшылығындағы жұмыс істейтін мамандардың/ бөлімшелердің ағымдағы және қорытынды жұмысын бақылау, бағалау және түзеу.</p> <p>Жұмыс жағдайларында дербес талдауды және оның болжап болмайтын өзгерістерін талап ететін тәжірибелік тапсырмалардың түрлі типтерін шешуді пайымдайтын қызмет.</p> <p>Зиянды/қауіпті өндірістік факторлардың ықпал ету жағдайында, кәсіптік міндеттемелерді орындау қажеттілігі.</p>	<p>Кәсіптік ақпараттарға баға беру және таңдау. Кәсіптік қызметтің тиімділігін дамыту үшін қажетті ақпаратты іздеу және дерекнамасын талдау, дербес анықтау.</p>	<p>Өндірістік (басқарушы) қызметтің экономикалық негіздерін білу.</p> <p>Ғарыш саласы қызметінде және ұқсас салада кәсіптік білім мен тәжірибе синтезі.</p>
<p>8</p>	<p>Дербестік:</p> <p>Ірі институционалды құрылымдар деңгейінде жауапкершілік және шешім қабылдаумен күрделі әлеуметтік, ғылыми, өндірістік процестермен және қызметпен басқару.</p> <p>Кәсіпорынның корпоративті мәдениетін қалыптастыру. Кәсіпорын миссиясын қалыптастыру және іске асыру. Стратегиялық ойлау. Кәсіпорыннан тыс үздік тәжірибелерді ұйым жүйесіне ендіру. Тиімді тапқырлық. Корпоративті озаттық. Бизнесі басқару қабілеттілігі.</p> <p>Өзара байланысқан факторлардың көп түрлігімен жанасқан проблемаларды шешуді талап ететін жаңа контекстерде кәсіптік қызметтің дербестігі.</p> <p>Жауапкершілік:</p> <p>Кәсіпорынның/саланың масштабында мағыналы өзгерістер немесе дамытуға алып келетін қызмет процестерін жоспарлау, қамтамасыз ету, бақылау және нәтижелеріне жауапкершілікте болу; кәсіпорын/ұйымның қызметін ұйымдастыру, басқару және нәтиже алып келу.</p> <p>Күрделілік:</p>	<p>Есептілік (сарапшылық) материалдарды пайдалану, сынау және талдау бойынша шешімдерді қабылдау.</p> <p>Кәсіпорын (ҒЗК) даму стратегиясын анықтау. Күрделі өндірістік/технологиялық, әлеуметтік (оның ішінде штаттан тыс жағдайларда) процестерді басқару.</p> <p>Бір-бірімен байланысқан кәсіпорындармен, кооперация кәсіпорындарымен және басқа саланың кәсіпорындарымен өзара әрекеттесу.</p> <p>ЖҒИ, ЗҒТ (ҒЗК толық алғанда) объектілерді, оның ішінде қауіпті кәсіпорын объектілерді сынауды және пайдалануды бақылау, басшылық ету, қамтамасыз ету процестерін басқару.</p> <p>Идеяларды генерациялау қабілеттілігі, кәсіптік (инновациялық) қызметтің нәтижелерін болжамдау, әлеуметтік, кәсіптік салада кең масштабтағы өзгерістерді жүзеге асыру.</p> <p>Жүйелі стратегиялық ойлау, өзара тиімді шешімдерді қабылдау дағдысы.</p> <p>Кәсіпорын (сала) дамуын стратегиялық жоспарлау.</p>	<p>Сала масштабында ҒЗТ және ЖҒИ объектілерін пайдалану және сынауды ұйымдастыру бойынша нормативтік құжаттардың негізгі талаптарын білу.</p> <p>ҒЗК масштабында бекітілген жабдықтарда әрекеттесу жұмысының физикалық қағида-тарын білу.</p> <p>Ғарыш саласы қызметінде және ұқсас салада кәсіптік білім мен тәжірибе синтезі.</p> <p>Қызметте кооперативті жүйелер-</p>

